

Әлемдік білім беру кеңістігіне «Құтты білік» ұстанымдарымен бірге енейік

Түпкілікті мақсаты етіп «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде» қалыптастыруды Ата заңында бекіткен. Ал қазіргі кезеңде біздің қоғамымыз алдына ақпараттанған азаматтық қоғамға айналу міндетін қойып отыр. Бұған жетудің кілті білімге негізделген саналы тәрбие алған, моральдық биік ұстанымдарды бойына сіңірген, заңға бағынышты азамат болмақ. Осы жерде қадап айтылып отырған екі адами қасиет біліктілігі жоғары кәсіби маман болудан да алда тұруы тиіс болғандықтан ерекше аталып отыр.

Ғұлама ғалым бабамыз Әбунасыр әл-Фараби өзінен мың жыл кейін өмірге келетін біздер үшін тәрбиенің, дүние есігін бірге ашатын егіздердің біріндей, білімнің алдында жүруі керектігін бірнеше қайтара қадап айтып кеткен. Соның бірінде бізді «тәрбиесіз берілген білім Адамзат баласына үлкен қасіреттер әкелуі мүмкін» деп ескертеді. Ал екінші сөзінде «Тәрбиелеу дегеніміз адамдардың бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дарыту» деп пысықтайды.

Бүгінгі күннің шындығы сол – қазақ қоғамында әрбір азамат тәуліктің барынша көп уақытын мақсатты оң тірлікке жұмсағанда, дүниежүзілік деңгейдегі жаңа технологиялармен етене танысып, оларды толық игергенде ғана, Ата заңымыз бен одан туындайтын әрбір заңды мойындап, оларды сыйлап тіршілік еткенде ғана туған еліміз Қазақстан өркениетті Шығыс пен Батыс мемлекеттері қатарына бойын тіктеп енетін болады. Осынау асқаралы міндеттерді атқара алатын, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты тәрбиелеу мен қалыптастыру республикамыздың білім беру саласының ең басты міндеті екендігі сауатты әрбір жанға аян ақиқат. Бірақ бүгінгі күндері қоғамымызда білім бере отырып тәрбиеленіп отырған біздің жастарымыз, әл-Фараби бабамыз айтып кеткендей, жоғары рухани құндылықтар деңгейінде жеткілікті тәрбие алып отыр ма? Қоғамымыздың күнделікті тыныс-тіршілігінен алынған ақпараттар, жүргізілген зерттеулер бұл ретте шешілмеген мәселелердің қордаланып қалғанын көрсетуде.

Сонда Шығыстың Екінші ұстазы айтқан тәрбие **қандай тәрбие** және оның үлкен сеніммен атаған білімі **қандай білім** болғаны? Бүгінгі күндері біздер алып отырған біліміміз әл-Фараби танымындағы білімнің мазмұны мен сипатына сәйкес пе?

«Ұлы тұлғаларды өздері секілді ұлылар ғана түсінеді» деген ақиқатқа жүгінсек, онда әл-Фарабидің айтпақ ойын өзінің дидактикалық «Құтты білік» (Құт әкелетін білім) дастанында дөп басып Жүсіп Баласағұн дана жаңғыртып айтып кеткен деуге болады:

«...Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан.

...Тәрбиесіз бала білім ұғар ма?

Олай болса уысыңнан шығарма.

...Ақыл, білім бейне кісен кісіге,

Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне». (314)

Әрине, әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн айтқан білім адам баласына, өзінің иесіне құт-береке, баянды бақ-дәулет әкелуі тиіс білім. Ең бастысы, ол адам баласын теріс қылыққа, үлкенді-кішілі қателік пен қылмысқа жібермейтін білім болуы тиіс. Ол иесінің бойында орнығатын кісілік пен рухын бекітетін ішкі тәртіптің ұстыны. Сондықтан, біздер бүгінгі күндері қазақ қоғамында жас ұрпаққа тәрбиелік сипаты айқын болатын білім беруге басымдылық беруіміз тиіс.

«Тәрбиесіз берілген білімнің Адамзат баласына орасан зор қасіреттер әкелгеніне» өткен тарихта, мүлдем күні кеше өткен 20-шы ғасырда-ақ мысалдар жеткілікті. «Құтты білікте» баяндалған, көркем образдармен көмкерілген Баба түрік танымы мен құндылықтарын біз жас ұрпақты білімдендіру мен тәрбиелеуде қолданысқа енгізуіміз қажет.

Осы заманда, ХХІ-ғасырдың бастауында біз берген біліммен ұстаз алдынан түлеп ұшқан жастың аспан көгіне көтерілгенінен, оның мұхит тұңғиықтарына сүңгігенінен, я болмаса екінші деңгейдегі қаржы мекемесін шынашағынан айналдырғанынан не пайда, егер ол күні ертең шатылып, заң алдында қылмыскер ретінде жауапқа тартылып жатса. Мәселе неде, осыған келсек, туындайтын басты сұрақ: Адамзат қауымы барынша толысқан және тоғайған ХХІ-ші ғасырда білім беру жүйесін жоғары моральдық ұстанымдары қалыптасқан, заңға бағынышты жас ұрпақ пен жас маманды оқытып даярлайтындай етіп орнықтыру, шынымен де мүмкін емес пе? Әлде, мұндай жүйені қазіргі күнгі қоғам қажетсінбей ме?

Мұның бәрі не үшін айтылып отыр? Себебі Адамзат баласының Жер планетасында құрған жел бесігі – ұлы өркениеті өзінің кемелдену шегіне жетпей жатып жойылуына жол бермеу адамдардың өз қолында, олардың біліктілігі мен саналы тәрбиесіне өте-мөте тәуелді екендігі бүгінде бәрімізге де аян болып отыр. Жер биосферасы өзінің тарихында кездескен небір алапат оқиғалардан аман қалып, өзін-өзі сан қайтара жанұшырып қалпына келтірді. Осылайша, өзінің ішкі мүмкіндіктерін сарқа жұмсаған, Адамзат баласының алтын ұясы болған Жер планетасы, бүгінде адамдар жасаған қиянатқа қарсы тұра алмауда. Сондықтан Адамзат баласы өзін-өзі түзеуі үшін, адами ұстанымдарын оңына өзгертуі, тоғышар түпсіз тұтынушылдықтан тазаруы үшін бүкіл әлемде білім беру мен тәрбиелеу жүйесін, өзінің адами құндылықтары мен моральдық ұстанымдарын түбірінен қайта қарауы қажет секілді.

Ең бірінші кезекте бүкіл білім беру саласын тәрбиеге басымдылық беретіндей етіп қайта құру және қалыптастыру қажет болар. Әрине, ол үшін орта және жоғары кәсіби білім беру Концепциясы қайта қаралуы тиіс. Өйтпеген күнде қазірде оқушы жастар мен ересектер арасында үдеп бара жатқан заң бұзушылыққа тосқауыл қою мүмкін болмай, бұл процестің қайтымсыз сипат алып кетуі ықтимал. Өйткені, осынау өткір өмірлік ортақ проблеманы салдармен күресіп шешу мүмкін емес, оны жеңу үшін оны туындатып отырған көптеген себептермен пәрменді күрес жүргізілуі тиіс.

Бүгінгі күндері білім берудің әртүрлі сатыларында жүрген жүздеген мың оқушылар мен студенттерді біздер білім алуға олардың даярлығының, ықыласы мен қабілетінің бар-жоғына қарамастан жоғары сыныптар мен дәрісханаларға жетектеп кіргізудеміз. Нәтижесінде, білімденуге не білікті маман болуға ықыласы жоқ, кредиттік оқыту жүйесінің талаптарын түсінгісі келмейтін көптеген жастар студенттік ортаға қашаннан тән ізденімпаздық әлеуетін күрт төмендетіп жіберді. Олардың көпшілігінің кәсіби бағдары да кездейсоқ. Бұлайша, ҰБТ нәтижесі бойынша төмен білім деңгейін көрсеткен жастарды да университет қабырғасында «ұстау» мемлекеттің орасан зор қаржысы мен ресурстарын бей-берекет жұмсауға жол беріп отыр. Оның үстіне, ҰБТ арқылы 1 курсқа студенттер контингентін қалыптастырудың бұлайша жүргізілуі қандайда бір әлеуметтік саясатты атқарғанымен, жоғары білім берудің Елбасы тағайындаған саясатын сапалы деңгейден көрсете алмауда.

Орта жалпы және жоғары кәсіби мектепте өскелең жасты оқытуда қойылатын педагогиканың басты сұрақтарының алғашқысы **«кімді оқытамыз»** деген сұрақ. Бұл сұраққа осы уақытқа дейін әртүрлі мазмұнда жауаптар беріліп келді. Біз ендігі жерде осы сұраққа жауапты әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн айтқан Баба түрік ұстанымдары негізінде беруге көшуіміз тиіс секілді. Шынында да,

«Тәрбиесіз бала білім ұғар ма?»

Олай болса уысыңнан шығарма»

деген аталы сөздер біздердің алдымызда бағдаршам болуы тиіс және олар бүкіл білім беру жүйесі алдына да қосымша міндеттер жүктейтіні анық. Бірінші кезекте, бастауыш мектепке баратын әрбір сәби қоғамдасып өмір сүру ережелерімен біршама таныс, бала бақшада тәрбиелену сатысынан өткен болуы тиіс. Бұл мәселенің Елбасы Н.Ә.Назарбаев белгілеп міндеттеген «Балапан» бағдарламасы арқылы шешімін тауып іске аса бастағаны өте қуанышты жайт. Ал бастауыш мектептегі сәби бірыңғай «ойын баласына» айналып кетпей, өзінің кім екенін, бұл өмірге не үшін келгенін «Өзін-өзі тану» пәнінде анықтауға кірісе бастағаны да маңызы өте зор уақиға. Бұл пәннің «ойын баласын» ұлттық орта жалпы мектепті бітіру сәтінде алдына **арыс азамат, тұлға** болу мақсатын қоя алатындай талапты жасқа айналдыруға аса қажет пән екендігін де бәріміз мойындауымыз керек. Өткеннен бізге жеткен дана сөз де соны растайды: «Қайсыбір ғылымның болмасын түпкілікті мақсаты Адамның өзін тану». Өйткені Алла тағала о баста Адам Атаны жаратқанда оның бойына 999 кішік сипаттар мен қасиеттерді екен делінеді.

Осы ретте саналы ұлттық тәрбие арқылы ойлампаз азаматын тәрбиелеп-оқытуға бел буған жапон қоғамының тәжірибесіне ден қойғанымыз дұрыс болады. Қазіргі жапон қоғамында адам болуды, азамат және білікті маман болуды мақсат тұтатын жеткіншек 5-6 сыныптан бастап мақсаткерлікпен өмір сүреді, сөйтіп ол үш бірдей мектепті (орта мектеп+дзюку мектебі+спорт мектебі) қатар оқып бітіреді. Өйткені талабы бар, алдына өмірлік мақсат қойған, оқуға ынта-ықыласы бар жастың біршама жеткілікті ішкі тәртібі де

болары анық. Ал ішкі тәртіптің болуы тәрбиеліліктің нышаны, оның қажетті атрибуттарының бірі. Әрине, бұл ретте мектепке барған әрбір баланың тәрбиесіне бірінші кезекте оның ата-анасы жауап беруі тиіс екендігін, өйткені бұл міндет Ата заңда бекітілгенін қайталау артықтық етпейді. Атам қазақ «бала әкенің үлгісімен, ананың тәрбиесімен өсуі тиіс» деген. Осы қағиданы жапондықтардың да ұстанатыны белгілі. Осы ретте сәбидің жүрек тәрбиесін қалыптастыратын құдірет иесі Ананың тәрбиесіне қайта оралу, оған тиісті мән беру қажет деп есептейміз [С.Ғаббасов].

Әрине, үлкенді де, кішіні де тәрбиелеудегі мемлекеттің ролі, оның меншікті міндеті ретіндегі тәрбиелеуші функциялары естен шығарылмауы тиіс өте маңызды фактор. Сондықтан мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатында әлеуметтік және экономикалық тірлік-талаптарын жоғары этикалық және моральдық ұстанымдар тұрғысынан атқарып отыруы абзал. Бұл тұста айтылуы тиіс көп әңгіме жатыр.

Енді педагогика қоятын келесі және өте маңызды «**Неге (чому) оқытамыз?**» деген сұраққа жаңаша жауап іздеп көрелік. Әрине, бірінші кезекте ойға оралатын тұшымды жауап Баба түрік танымынан тамыр тартуы тиіс, яғни біз жас ұрпақты бабадан қалған

«Малым **ЖАНЫМНЫҢ** садағасы,
жаным **АРЫМНЫҢ** садағасы»

деген аталы сөздерді қасиет тұтатын, Ақиқатты кемелденген парасатымен тани алатын, өзінің қадір-қасиеттерін саралай алатын және ұлттық болмысы қалыптасқан, жаны мен рухы, ары таза **арыс азамат, тұлға** етіп тәрбиелеуге оқытуымыз қажет. [Өмірзақ Тоқтасын Міштайұлы]. Мұндай азамат қоғамдасып **қанағатпен** өмір сүруде **заңға бағынышты** позиция ұстанатын, нарықтық қатынастар жағдайында бәсекеге қабілетті, қайсыбір жағдайда болмасын альтернативті оң жоба ұсына алатындай логикалық пайымдауы қалыптасқан сауатты болуға тиіс.

Егер Адамзат қауымы осы күндері бет алған бағытынан таймай, «екі дипломы бар маман екі есе әдісқой, үш дипломы бар азамат үш есе алаяқ» деп айтуға келетіндей **қанағатсыз жандарды** оқытып-тәрбиелеуді тыймаса, онда келешегі не болмақ? Өйткені күні кеше бүкіл Жер шарын шарпыған қаржылық дағдарыс та адамның қанағатсыздығы салдарынан туындағаны белгілі. Рухани байлыққа емес, осылайша материалдық байлықты тұтынудағы қанағатсыздық алдағы уақытта әлемді экологиялық апатқа душар ететін түрі бар.

Әлде, дәл бүгінгідей, бүкіл әлемнің жарым байлығы мен игіліктерін АҚШ секілді алпауыт бір мемлекет қана тұтынатындай саяси-экономикалық тәртіп орнатуды Адамзат баласы аңсап-армандап па еді? Ненің қажет, ал ненің артық немесе астамшылық екенін білмеуіміз, я білгіміз келмеуі қазіргі адамның рухани жұтаңдануының, азғындауының белгісі ме, әлде оның қалайда бір толысқандығы заманның ақырында осылайша белгі бере ме екен?

Адамзат баласының осы күнге дейінгі тарихы **ақшаны пір тұтудың** үлкен қате екендігін және ақшаның адам баласын бар асыл қасиеттерінен айыратын бірден-бір шайтани құрал екендігін көрсетіп үлгерді. Ендігі бізге

бар қалғаны, қанағатпен тірлік кешкен, Табиғат-Ананың еркіндікті ерекше қадірлеген балалары болған америкалық түпкілікті тұрғындар-үндістер мақалында айтылған тағдырдың соққысына ұрыну ғана, олар: «Сіз соңғы аңды өлтіріп, соңғы бұлақ көзін ыластағанда, сонда барып ақшамен қоректенуге болмайтынын түсінетін боласыз» деп келімсектердің алтынға құл болғанына, экологиялық имансыздығына наразылық айтқан. Сондықтан, ақша мен байлықты барынша мол күреп табуды ту етіп ұстайтын, экологиялық қасірет қаупін үдетіп отырған **жабайы нарықтық экономиканы** «жүгендейтін» уақыт жетті, моральдық жоғары ұстанымдарды қадір тұтпайтын бұл «асауды бұғаулау» қажет. Оны билік басында ізгілікті және білікті елбасылар тұратын **мемлекеттік-нарықтық экономикаға** айналдыру мәселесі ХХІ ғасырдың басты ісі болуы тиіс. Сонда ғана Адамзат өркениеті өзін-өзі жоймайтын, ал адамдар «хомо сапиенс» түрі ретінде Жер бетінде сақталатын болады.

Атам қазақ «бір ауылда бір үй аш болса, бүкіл ауыл аш» деген принциппен мыңдаған жылдар бойына өмір сүріп келген. Және «тәңір тамақ Тәңірдің мойнында» деп қанағатты ту етіп көтерген, артық сән-салтанатқа бармаған, отырықшыл халықтар секілді қалалар мен сарайлар салудан да бас тартқан. Бұл туралы хатқа түскен нақтылы тарихи деректер сонау скифтер заманынан бізге грек жазбалары арқылы жетіп отыр [Великая степь в античных и византийских источниках. Сб.материалов. Составитель А.Н.Гаркавец. А., 2005. – 1304 с.].

Ал бүгінгі күндері әлемдегі жүздеген миллион тонна мұнай өндіріп және соншалықты үлкен көлемде мұнай өнімдерін тұтынуды барша халыққа мәжбүрлеп отырған небір алпауыт компаниялардың басында қанағатты білмейтін тойымсыз жандар отыр. Солардың жетегінде кеткен, тұтынушылық психологияның құлы болған пенделер шамадан тыс көп көлемде жанармай жағатын сәнді үлкен автокөліктерге жаппай міне бастады, ал бұл жағдай үлкен қалалардың экологиясын, сайып келгенде дамыған елдердің экологиялық ахуалын ширықтырып, түптеп келгенде Жер биосферасының қайтадан қалпына келу мүмкіндіктерін жоюда.

Осынау өмірлік маңызы Адамзат қауымына ортақ зор проблеманы қанағат философиясы арқылы шешуді әлемдік қауымдастық алдына батыл түрде қойып, табандылықпен оны оңынан шешуді талап ете алатын ел бар болса, ол қазақ елі деп білеміз. Өйткені күні бүгінге дейін қанағатпен өмір сүрген қазақ халқының әдет-ғұрып, тіршілік ету жүйесі мен қалпы, этикалық құндылықтары мен өмірге деген көзқарасы ерекше болып, оларды өзгелер түсіне алмай келді. Олай болатыны, Баба түрік тарих сахнасына басқа ұлттар мен ұлыстардан анағұрлым ерте аяқ басқан, ол осыдан 5-10 мың жылдар бұрын дүркірей гүлденген өркениеттер мен империялар құрған [Д. Черчвард. Древний континент Му. Киев, 2003], байлықтың буына басы айналып та көрген, оның өткіншілігіне де қатты налыған, босағасында басқа тайпа-ұлыстарды күндікте ұстаған, кезінде салтанатты сарайлар мен қалалар салған, бәрін-бәрін басынан өткерген, ақыр аяғында солардың барлығынан безініп, «**қанағат қағанатын**» өзі тоздырған Сары Дала төсінде құрып,

көшпелілер философиясын тудырған және сол бойынша күні кешеге дейін өмір сүрген. Сондықтан болса керек, Баба түріктің бел баласы қазақ айтқан мәекті сөз, дүние мен өмір туралы пайым-тұжырымдар өзгелерде кездесе бермейді. Бұл ретте қойылатын сұрақтар мен оларға берілетін жауаптар да саналуан. Олай болса, біздер әлемдік білім беру кеңістігіне кінәлі жандай төменшіктеп емес, өте бай тарихи-философиялық мұраның иесі ретінде өз ұстанымдарымызбен еркін енуіміз керек. Басқалардың бізден алары жоқ емес!

Көшпелі қазақтың тұтытудағы ұстанған қанағатшылдығы оның экологиялық имандылығын қалыптастырған. Себебі ол осыған дейін отырықшыл-қалалық мәдениетті ұстанып көрді, металлургияны дамытты, нәтижесінде өзі мекендеген жер-суын орман-тоғайынан айырып қазіргі Сары Арқаға айналдырды. Содан атамекенін тастап босқынға ұшырап, «арийлер» (арий-гунн) деген атпен осыдан 5 мыңдай жыл бұрын әлемнің төрт бұрышына жөнкілді, Қытай мен Үнді жеріне, Қос өзен тарапына, Еуропа жері мен Сібірге жетті. Ал соның айғағы ретінде туған жер топырағында, Қазақстанның тарихи картасында неолит заманынан қалған жүздеген өте көне кеніштер мен Тобылдың саласы **Үй өзенінің** іргесінде Аркаим бастаған, «Қалалар елі» атанған 22 (жиырма екі) көне қамал-қаланың орындары жатыр, қазіргі Челябинск (Селебе) мен Қостанай облыстарының шекарасында [А. Нарымбаева. Аркаим – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками. 2-е изд.. А., 2007. – 476 с.]. Баба түріктің осылайша қалалық өмір, сән-салтанаттан безінгені тарих беттерінде қалса, қазіргі күндері Өркениеттің үздіктері деп аузымыздан сілекей шұбыртатын, аңсарымызды жаулап алған Еуропа мен Американың алпауыт байлары әлемдік қаржылық дағдарыстан «таяқ жеп», алды баянсыз тірлік, арамнан жиған байлығынан бас тарта бастағанын бүгінгі күні біздер естіп жатырмыз. Осы жайдан Баба түрік ұрпақтары сабақ алса жарар еді.

Міне, осы айтылған және басқа айтылмаған жайлардан туындауы тиіс екінші тағылым – Адамзат қауымы ендігі жерде **жас ұрпақты қанағатпен өмір сүруге тәрбиелей отырып оқытуы тиіс.**

Осынау адами Ақиқатты, мыңдаған жылдар бойына халық санасында қорытылған дана ойлар мен моральдық ұстанымдарды біздерге дейін жеткізген ұлы Дала ұзандары, қазақтың жырау дүлдүлдері еді. Бірақ біз оларды тереңірек ұғына алмадық. Олардың бүкіл халыққа тәрбиеші, ал жастарға ұстаз болған тұлғасын танып білмей, оларды ақындармен шатастырдық. Оның үстіне жырауларымыздың философиялық үстем тұлғасын айқындайтын небір әдеби ой жаухарлары біздің заманымызға дейін жеткен жоқ, тарих белестерінен аса алмай ұмыт болды.

Атақты ғұлама Жүсіп Баласағұнның азаматтық ерлігі де сол, ол Баба түрік замандарынан тамыр тартқан бізге тән философиялық және дидактикалық ұстаным-құндылықтарымызды хатқа түсіріп кетті. Оның ерлігі «Бастамаларды» жазып, математиканы ғылымға айналдырған Еуклидтен кем емес. Осы ретте, 1070 жылы жазылып біткен «Құтты білікті» қазіргі қазақ тілінде сөйлетіп, ғылыми айналымға түсіріп кеткен Асқар Егеубаевқа да

көкірек көзі ашық қазақ азаматтарының ризашылығы орасан зор болар деп ойлаймыз.

Бұл шығармада Баба түрік түсінігіндегі әділетті хан Күнтуды Елік атанып Күнге баланады, ал хандықтың байлығын еселейтін уәзір өзінің сипатына қарай Айтолды аталған. Екеуі арқылы Жүсіп Баласағұн халқымыздың рухани жан дүниесі мен рухани байлығын тереңінен жайып салған. Дидактикалық дастанның өне бойында халыққа, әрбір адамға құт-береке, бақыт әперетін тек қана білім мен білік екендігі үзіліссіз жырланады.

Ең бастысы және бізге қажеттісі, «Құтты білікте» шынайы білім иесінің ерекше нұрлы сипаты былайша айшықталған:

«... Ақыл, **білім бейне кісен кісіге,
Кісенді ашып бармас қылмыс ісіне».**

Бұған қосымша, қай заманның болмасын адамына шырай беретін асыл қасиет **қанағатшылдықты** насихаттау да осы шығарманың алтын арқауы болған.

Сондықтан біздер, педагогика қоятын мәңгі сұрақтардың екіншісіне былайша жауап беруіміз керек: «**Жас ұрпақты қанағатқа өрілген, әрі теріс қылық-қылмысқа жол бермейтін шынайы білім алуға оқытамыз**» деп. Әрине, ХХІ – ғасырда білім беру жүйесін осы үлгіде жұмыс істеуге көшіруге тиіспіз.

Олай болса, осынау модельге көше қалған жағдайда біз жас ұрпақты «**қалай оқытамыз?**» деген сұраққа жауап беруіміз керек. Бұл жердегі айтылар әңгімені ұйымдастыру мәселелерін пысықтаудан бастаған жөн болар. Өйткені бүкіл білім беру саласын, оның мың сан тыныс-тірлігін басқаратын орталық органның аталуы оның мазмұнына сай емес сияқты, сондықтан осы атауды нақтылау қажет. Олай дейтініміз, форма мен мазмұн бірлігі болмайынша, бірі екіншісіне толығынан сәйкес болып, сипатын толық ашпайынша, оларға сәйкес процесті (объектіні) тану мен дұрыс басқару мүмкін болмайды. Орысша аталып жазылуында министрлік мазмұны дұрыс ашылған: «министерство образования и науки РК» деп, мұндағы «образование» ғылыми айналымда «Education» деген атпен «ЮНЕСКО»-ның құрамына енген. Қазақшасында министрліктің атауы зат есім болатын «білім» сөзін (knowledge) меншіктеп тұр, ал Білім болса Ғылымның құрамдас бөлігі, турасына келгенде Ғылымның Адамзат баласы игерген бөлігі. Министрліктің атауындағы «білім» сөзін «білімдендіруге» ауыстыру қажеттілігі туралы кезінде белгілі ғалым Әбдікәрім Тәжмағанбетұлы жоғарыдағы мемлекеттік органдарға бірнеше рет сұраныс хат жолдаған болатын [Ә. Тәжмағанбетов. Парламентке хат.].

Жүсіп Баласағұн өзінің жыр жолдарында:

«Өнер-білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан»

деп тағы да Баба түрік ұстанымдарын алға тартады. Ата-бабаларымыздың осынау ұл мен қызды қатаң тәртіпте, ұдайы назарда ұстау үрдісін күні кешеге дейін қазақ жанұясы ұстанып келді. Өткен ғасырдың 40-шы жылдары Сайрамда оңтүстік облыстардың майда ұжымшарларының есепшілеріне

«Бухгалтерлік есептің американдық жүйесі» атты курс жүргізген Жалмұхамедов Әбен деген ұстаз өзінің алдынан өткен жастарға ақыл-кеңес айтады екен, «балаларыңды оқуға алты жастан беріңдер, **алты жастан мектепке барған бала алады**» деп. Бұлай деуге ол кісінің хақысы бар, өйткені оның бабалары өте-мөте ғұлама ахун болған екен. Қазіргі күні алты жастан мектепке барған бала бастауыш мектепте тұтастай ұлттық негізде қазақ тілінде тәрбие алуы, бабалардың әдеби мұраларымен танысуы, өзінің ұлттық болмысын қалыптастыруды Шығыс философиясы негізінде бастауы қажет-ақ. Бұл ретте тағы да сол жапон мектебінің, мүлдем іргеміздегі орыс (Ресей) мектебінің тәжірибесінен үлгі алуымыз керек. Өйткені бастауыш мектептің басты міндеті – балаға әділ де қамқор, қайырымды мінез иесі болуды егетін адамгершілік тәрбиесін беру, оның ұлттық болмысын айқындауды бастау.

Біздің орта және жоғары кәсіби мектепте жас ұрпаққа беретін тәрбиемізден әлі күнге жауынгер материализмнің «табиғаттың бермесін тартып алатын» ызғары кетпей тұр. Біз болсақ халқымыздың ертеңі болуға тиісті жасты қандай философиялық көзқараста тәрбиелеуіміз керектігін әлі күнге шешкен жоқпыз. Біздің ойымызша, бала тәрбиесінде бүкіл шығыс халықтарының басым көпшілігі ұстанатын Шығыс философиясын, оның негізін құрайтын «дүниедегі абсолютті құндылық – адамның өмірі және ешбір тіршілік иесіне зәбір-зорлық жасамау» деген принциптерін қабылдауымыз қажет. Адам баласының қамқор, қайырымды және әділетті өмір сүруіне кепілдік берер күш-қуаттың қайнар бұлағы осында жатыр.

Кеңес дәуірі жылдарында біздер іздеу жүргізген бағытымызда Ақиқатты таба алмадық. Ұлы Қытай халқында мынадай көсемсөз бар: «қытайдың орта жол туралы ұлы ілімі былай дейді – егер қайсыбір қойылған сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп кесімді жауап қайыруға болса, онда ақиқатты олардың ортасынан ізде». Осы кезге дейін Адамзат баласының ақиқатты танудағы тірлігі мен әрекеті құдды «жасөспірімдік максимализм» (юношеский максимализм) позициясында қалып келген секілді, себебі қай проблемада болмасын жауапты кесіп айтуға бейімбіз. Бұл сірә, екінші жағынан адамның ғылыми танымының әлі де болса қам (шикі) екенін білдірсе керек. Олай дейтініміз, қасиетті Құранның аяттарында әрбір қойылған сұрақ төңірегінде кесіп айтылған жауап жоқ, жағдай мен мақсатқа байланысты берілер жауап ылғи толыға түсіп, әр тұста әрбір қырынан ашылады. Сондықтан да Құранды оқу мен түсіну қиындық туғызады, оны тану бүкіл Табиғатты тану секілді ұзаққа созылатын күрделі процесс. Қытайдың орта жол туралы ұлы ілімінде айтылғандай, ақиқатты бір ауыз сөзбен анықтаудан бас тарту біздің бойымызда өзгенің ой-пікірімен санасатындай, өзгенің ой-пікірін кесіп жоққа шығармайтындай, өзгемен бірлесе отырып Ақиқатқа жол ашатындай мәдениетті тәрбиелейтін және қалыптастыратын болады. Зорлық пен зәбір әрдайым өзгенің ой-пікірімен санаспаудан, оны құрметтемеуден туындайды. Сондықтан жас жеткіншекке о бастан, балабақша мен мектеп табалдырығын аттағаннан бастап өзгенің ой-пікіріне құлақ асу, онымен санасу және ортақ пікір-мәмілеге келу мәдениетін тәрбиелеуіміз қажет-ақ.

Әрине, жас ұрпақпен жүргізілетін біртұтас тәрбиелеу мен оқыту процесін біз ұлттық балабақша мен орта мектептен бастап қазақ тілінде жүргізуге тиіспіз. Өйткені Махмұт Қашқари кезінде «Тәрбие басы - тіл» дегенде, тілдің тәрбиені ұлттық негізде жүргізуге кепілдік болатын қасиетін атаса керек. Тәрбиені ұлттық негізде жүргізу қажеттілігін дер кезінде аңғарған қытай, жапон, корей, грузин, армян, еврей халықтары бұған қоса ана тілдерін сақтап қалу, тіл тазалығын қорғау мақсатын да діттегендіктен, дербес әліпбилерін жасаған. Жас ұрпақты тәрбиелеу проблемасын бұлайша ұлттық негізде шешу олардың халықаралық деңгейде ғылыми-технологиялық үздік позицияларды иемденуіне, сөйтіп бүгінгі күні көш бастауына еш кедергі келтіріп отырған жоқ.

Біртұтас тәрбиелеу мен оқыту процесін ана тілінде жүргізудің қажеттілігі де, маңыздылығы да Адамзат баласының небір кеменгерлерінің назарын ұдайы өзіне аударып келген. Соның бір айғағы ретінде атақты философ, диалектикалық логиканың негізін қалаушы Г.В.Гегельдің мына сөздерін келтіреміз: «**Білімділіктің** ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады».

Тәрбие мен тәрбие берудің маңыздылығы өте-мөте артып отырған бүгінгі күндері біз мектепте жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісінде жүрген педагогтардың «адам жанының шипагері» болуға тиісті жасампаз тұлғасын да толығынан ашуға тиіспіз. Бұл жерде де біршама сәйкессіздік орын алған. Олай дейтініміз, орта арнаулы және жоғары кәсіби мектепте штаттық кестеге сәйкес «оқытушы», «аға оқытушы» қызметтері қаралған, ал бұл лауазымдар бір қарағаннан-ақ тек сабақ беруші (сағат беруші, тьютор – часодатель) ретінде түсінуге сұранып тұр, яғни олар педагогтың тәлімгер ретіндегі жасампаз тұлғасын ашпайды. Сондықтан орта мектептегідей, жоғары кәсіби мектепте де (институт, университетте) бірыңғай «мұғалім», «аға мұғалім» (ғалым кісі, тәлімгер ұстаз) деген атауға көшсек деген ұсынысымыз бар.

Әйтпесе, сабақтан шыға сала шәкіртіне «әй, пәленшеев, бері кел, темекің бар ма, әкел» деп тұратын оқытушы (аға оқытушы, доцент) көбейіп барады. Өзін лауазымына сәйкес тек сабақ беруші (часодатель) ретінде сезінетін педагогта тәлімгерге ылайық жеткілікті жауапкершілік те бола бермейтіні анық. Оның үстіне, о баста бала жетектеген құлға (күңге) берілген ат ретінде қалыптасқан «педагог» атауы жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруші ұстаздың, мұғалімнің абыройын асқақтатып, оның жауапкершілігін өрлетіп тұрған жоқ. Не болғанда да, біздер бүгінгі күндері адам баласын тек адамның ғана тәрбиелей алатындығын әсте ұмытпағанымыз абзал.

Олай болса, біздер ұлы ағартушымыз Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы қадап айтқан мынадай ұлағатты сөздерге құлақ асайық:

«Балам деген жұрт болмаса,

Жұртым дейтін бала қайдан шықсын».

Яғни қазақтың қара домалағын, жас ұрпағымызды бірден-бір **үстем тап ретінде** аялайық, бар тапқан-таянғанымызды аузына тосайық, қажетті жағдайдың бәрін соларға жасайық, бірақ қатаң талаптар да қояйық.

Бұл ретте білім беру саласының материалдық-техникалық базасын жаңарту мен нығайту жұмыстары жалғасын табуы, қарқынын әсте тежемеуі керек. Елбасы қойып отырған индикативтік көрсеткіштердің бәрі дер кезінде және сапалы орындалуы тиіс. Әсіресе, оқушы балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету және оларды арнайы автотранспортпен тасымалдау мәселелерін толығынан шешуге қол жеткізілуі тиіс. Қазақта өрелі сөз бар: «**Әуелі – тағам, сосын - қалам**» деген, яғни «ас тұрған жерде ауру тұрмайды» және жас өскелең организмді қатайту мемлекеттің халық денсаулығын көтерудегі басты жұмысы деп түсінгеніміз жөн. Себебі мектеп жасында бақылаусыз қалып, аурушаң болып өскен баланы кейіннен қандай деңгейде болмасын емдегенмен, одан толыққанды сау-саламатты азамат өсіп шыға алмайды.

Осы тұста АҚШ тарихынан жалпы орта мектепте берілетін білім сапасын көтеруге бағытталған іс-шаралар кешенінің қаншалықты толымды болғанын көрсететін бір ғана мысалды келтірейік. Мери Спирдің 1952 ж. Нью-Йоркте шыққан кітабында мектеп оқушыларын тасымалдайтын автобустардың үлесін көрсететін құнды мәлімет берілген, ол бойынша АҚШ-та 1941 ж. қолданыста болған барлық 146 058 автобустың 87 400-і (59,8%), ал 1949 жылғы 189 100 автобустың 97 600-і (51,6%) оқушыларды тасымалдайтын мектептің автобустары болған [Mary E. Spear. Charting Statistics, New York, 1952, p. 3-4]. Міне, осы мысалдан-ақ оқушылар тасымалының АҚШ-та қаншалықты тыңғылықты және оңынан шешілгенін көреміз. Ал бізде аталған мәселе осындай тиянақтылықпен шешімін табуы мүмкін бе? Әрине, бұл сұраққа жауапты біз үкімет тарапынан күтетін боламыз.

Педагогикада қойылатын аса маңызды үшінші сұрақ «нені, қалай оқытамыз?» дегенге жауапты біз Әл-Фараби бабаның аманатын орындай отырып, яғни педагогиканың алғашқы сұрағына берілген жауаптан туындата отырып беруге тиіспіз. Ол жерде біз «кімді оқытамыз?» деген сұраққа «тәрбиелі баланы оқытамыз» деп жауап бердік. Себебі Жүсіп Баласағұнның өзі бұдан 1000 жылдай бұрын:

«Тәрбиесіз бала білім ұғар ма?

Олай болса уысыңнан шығарма»

деп қатаң ескертеді. Білімнің де білімі бар, ал ғылымның мың сан сипаты мен қыры бар, бізге керегі – педагогиканың екінші сұрағына берілген жауаптағы білім, яғни «жас ұрпақ бойына қанағатты егетін, әрі оның теріс қылық-қылмысқа баруына жол бермейтін білім» болуы тиіс. Қанағат бар жерде тәртіп болады, тәртіп болған жерде заңға бағыныштылық орнайды, ал заңға бағыныштылық Адамзат баласының қоғамдасып өмір сүруінің болашағын қамтамасыз ететін болады. Қазақ қоғамында осындай тәртіп пен заңға бағынышты ахуалдың болуын армандап кеткен батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деп сан рет қайталаған.

Сондықтан адам бойына адами қасиеттерді егетін және дарытатын тәрбиені біз білім беру процесінде өнер мен кәсіби білім (ақпарат) берудің

алдына қоюымыз қажет. Бұл бүгінгі күннің қатаң талабы. Кезінде, «Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасын» талқылау барысында, сол кездегі білім және ғылым министрі Ж. Күлекеев осы тұжырымдаманың рухани мазмұнын бірмәнді түрде «жастарды білікті маман, озық ойлы азамат етіп қалыптастыру үшін оларға бала күнінен бастап **жүйелі тәрбие беру қажет**» деп түйіндеген еді.

Біз жоғарыда айтып өткендей, тек ақшаны пір тұту арқылы күш алып, қазіргі күні дүние жүзінде етек жайып қалыптасқан **жабайы нарықтық экономиканың** басты идеологы АҚШ екендігі бәрімізге аян. Халқы негізінен соңғы 300 жылда тұрмысын жөндеп баюды мақсат тұтып дүниенің төрт бұрышынан Америкаға жиналған, әртүрлі діни және моральдық ұстанымдары болғаны мен болмағандары жетерлік, әртекті жұртшылық болғаны да әлемге әйгілі. Әрине, олардың құрғаны көне түркілердің «қанағат қағанатына» қарама-қарсы сипаттағы қоғам болып шықты. Ендігі жерде, ХХІ – ғасырда осынау қырық ру жұртшылық құрған нарықтық жабайы экономиканы, жер-жерде билік басына зиялы да білікті елбасылар келіп және күштерін біріктіре отырып, **мемлекеттік-нарықтық экономикаға** айналдыруы тиіс.

Мұндай **парасатты экономиканы** құруға болатындығын Қазақстанның тәжірибесінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл халықаралық қауымдастыққа көрсетіп отыр. Бірақ әлемдік қауымдастық Қазақстанның соңғы екі жылдық тәжірибесінде көрініс берген парасатты экономиканың үлгісі екендігін сезіне алмай отыр. Парасатты экономиканы құру үшін күшті мемлекеттік билік қажет және мемлекеттік билік пен халқына оң бағытталған рухани экспансия жасап отыратын зиялы әрі кеменгер Президент қажет.

Адамдар арасындағы қатынастар негізінде қалыптасқан нарықтық экономиканың микродеңгейінде кездейсоқ сипаттағы көріністер мен процестер басым болады да, олардың бәрі дерлік макродеңгейде нарықтық экономиканың ішкі күштері арқылы біршама асимптоталық түрде қалыпқа түсіріле бастайды, бірақ осы тұста қайсыбір болмасын процесті түпкілікті және бірқалыпты ырғақта ұстау үшін мемлекеттің қосымша тиянақты басқару және қаржыландыру шараларын қолдануы қажет.

Шынында да, егер Елбасы республика үкіметі арқылы еліміздегі тұрғын үй құрылысы саласын батыл түрде мемлекеттік қаржыландыруға өткізбегенде әлемдік дағдарыстың Қазақстанға тигізер залал-зардабы орасан зор болар еді. Тұрғын үй құрылысы саласының алып «кемесі» тоқтады дегенше және бірер жыл араға түсті болды, бұл кемеңі қайта қозғау-жүргізу біздің жағдайымызда мүмкін емес шаруа. Дәл осындай ахуал Кеңестік қоғамда өткен ғасырдың 60-80-ші жылдарында қалыптасты және оның түбіне жеткен болатын. Кеңестік жүйені экономикалық тұрғыдан тұралатқан «аяқталмаған сақалды құрылыстар» болғанын біреулер білсе, біреулер білмеуі де мүмкін. Сондықтан Қазақстан алдағы уақытта аяқталмаған құрылыстардың қордалануына жол бермеуі тиіс.

Енді жоғарыда айтылған мемлекеттің қосымша басқару және қаржыландыру шаралары қандай сипатта болуы тиіс – жалаң билік, өктемдік

пе, әлде ғылыми негізделген парасатты әрекет түрінде ме – деген сұраққа жауап іздейік. О бастан нарықтық қатынастар, кімнің тарапынан болмасын жасалатын өктемдіктің, не болмаса жалаң басқару әрекеттерінің өзінің ішкі ісіне араласуын көтермейді. Оны билік тарапынан болсын, жеке тұлғалар тарапынан болсын басқару үшін нарықтық экономиканың ішкі сипат-зандылықтарын жете меңгеру-білу қажет. Осы тұста, ең бастысы, нарықтық экономика мен математиканың ішкі сипат-зандылықтары өте ұқсас екенін атауымыз қажет. Математика ғылымына бұл ретте абсолютті билікті қимағанның өзінде, экономика ғылымы халық шаруашылығын математика арқылы басқаруы тиіс дегенге келісуі керек, себебі ХХІ – ғасырда шаруашылықты ақылмен басқаруға барынша толысқан экономика ғылымы қажет болады. Ал ондай дәрежеге жетуі үшін экономика ғылымы Адамзат ойының кеменгері Карл Маркстің мына сөздеріне құлақ аспаса болмайды: «Экономика ғылымы сонда ғана өзінің толысқан шағына жетеді, егер ол математиканы қолдана алса».

Нарықтық қатынастар барынша дамыған және өте-мөте күрделенген ХХІ – ғасырда математикаға, математикалық білімге барынша назар аудару қажет екеніне дәлел болар басқа да жайттар бар. Ең бастысы, еркін нарықтық қатынастар орын алған қоғам өркениетті болуы үшін, оның әрбір мүшесі-азаматы **заңға бағынышты** болуға тиіс. Ал азаматтың заңға бағыныштылығын тәрбиелеуді оның математикалық сауаттылығын жетілдіру арқылы орындау барынша тиімді жол болмақ. Өйткені, математиканың ұстын-тіректерінің бірі – аксиоматикалық теория, ал бұл теорияның басты белгі-қасиеттері ретінде қарама-қайшылықсыздығы, толымдылығы мен аксиомалар жүйесінің тәуелсіздігі аталады. Осы тұрғыдан алғанда аксиомалар жүйесі ретінде танылатын Конституциямыз, оған негізделген және одан туындайтын барлық заңдар жүйесі **мағыналы аксиоматикалық теория** болып табылады. Сонда ҚР-ның Конституциясы негізінде Парламентте қабылданған заңдарымыз осы аксиоматикалық теорияның теоремалары болып танылады. Сондықтан да осылай құрылған құқықтық-заңдық кеңістік (жүйе) жоғарыда айтылған талаптарға сай, **қарама-қайшылықсыз, толымды** және оның Конституциялық негіздері **тәуелсіз** болуы тиіс. Осы айтылғанның өзі, бірінші кезекте, заң шығарушы орган болып табылатын Парламенттің мүшелерінен жеткілікті деңгейде математикалық сауаттылықты талап етсе керек.

Оның үстіне, әлемдік қауымдастыққа енген әрбір мемлекетте бүгінгі күндері ақпараттанған азаматтық қоғам құру мақсатында өрелі істер қарқынды жүруде. Ақпараттанған қоғамның әрбір азаматының компьютерлік технологияларды еркін қолдана алатын жеткілікті сауаты болуға тиіс. Ал компьютерлік технологияларды игеру математикалық модельдеу методын меңгеру арқылы ғана сапалы түрде іске асатын болады. Сондықтан алдағы уақыттарда, Адамзат өркениетінің барынша толысқан кезеңі ХХІ – ғасырда әрбір білікті маман, заңға бағынышты азамат болуға ұмтылған жастың математикалық сауаты да жеткілікті жоғары деңгейде қалыптасуы керек деп есептейміз.

Бұл оңай қол жеткізе қоятын шаруа емес. Осы ретте қайта қарайтын, талқыға салып толықтыратын сұрақтар мен мәселелер де аз емес. Бірақ Адамзат баласының ХХІ – ғасырда алдына қоятын мақсаттары мен міндеттері де асқаралы, өте күрделі де маңызды. Ал соларды оңынан шешу үшін біз жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруді бұрынғы қалпында, ескі түсініктер деңгейінде қалдыруға да хақымыз жоқ.

Олай болса, осыған дейін жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан толығынан қамтамасыз етеді деп Адамзат баласы сенген педагогиканы, қабілет-құнары кеміген педагогика ғылымдарын алдағы уақытта кеңейте отырып білімдендіру философиясына айналдыру қажет болар.

*Арыстанбек Қонысұлы,
физика және математика ғылымдарының кандидаты, академиялық
профессор Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті.*